

Хаттама № 2

Қамқоршылық кеңестің отырысы

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

- Өткізілген уақыты: 29 сәуір 2022 ж.
- Өткізілген орны: Мектеп
- Отырыстың басталуы: 17.00
- Отырыстың аяқталуы: 18.30
- Отырыстың төрайымы: Утегенова Зейнегуль
- Қатысқандар: Мектеп директоры – Назарбекова С.А.
Есентаева С.(Әкімшілік), ИП «Камышев» Жотаева З., Умурзакова Г.(медбике), ИП «Еркін» Амангелді Г., ИП «Утегенов» Утегенова З., К/Х «Гея» Евфименко М., К/Х «ТАС-С» Тайганов Т., Силам К., К/Х «Береке» Унайбеков Е.
- Қатыспағандар: -
- Шақырылғандар: Тәрбие ісі орынбасары – Серғазы Жадыра
Шаруашылық ісі орынбасары - Калиев Ж.А.

Күн тәртібі:

1. Мектеп пен ата-ананың және қоғамның мектеп оқушыларымен біріккен жұмысы
2. Кәсіпкерлерді тарту, түскен қаражаттарды пайдалану жолдары

Тыңдалды: 1-ші сұрақ

Сөйледі: Есентаева С.Т.

Ата – аналар ұйымының рөлін көтеру кез келген мектеп үшін оңай іс емес. Көп жағдайда бұл мәселе ата - аналардың жұмысбасты болуына байланысты уақыттарының жетіспеушілігі сияқты объективті себептермен түсіндіріледі. Дегенмен, оның себептерін тек ата - аналар ортасынан іздеу дұрыс емес. Бастамашылық мектеп жағынан бәрібір басымырақ болуы керек. Өйткені, мектеп – қоғамның, отбасының және өзінің өзара тәрбиелік іс - қимылын үйлестіруші қоғамдық институт. Өзара іс - әрекеттің мақсаты мен міндеттерін мектеп жалғыз өзі, тиісті мәселеге тек өзінің ұстанымына сүйенген түрде анықтаса, ал ата - аналар оларды іске асыру сатысында ғана қамтылса, нәтиже төмен болады. Мектеп ата - аналар қауымы үшін әрқашан

ашық болып, өзара ынтымақтастық пен серіктестік жүйесін жетілдіруге бағытталып, олардың кез келген бастамасын көтермелеп отыруы қажет. Мектептің ата - аналармен жұмысын ұйымдастыру нысандары әр түрлі болуы мүмкін. Жұмыстың бұл нысандары мен әдістерінің барлығы педагогикалық тұрғыдан негізделгендігі және ынтымақтастық пен өзара іс - әрекеттің біртұтас жүйесінде бірін бірі толықтырып отыруы өте маңызды.

- Жеке кездесу;

- әңгімелер мен лекциялар;

- құқықтық лекторийлер

- ата-аналарға арналған психологиялық жаднамалар

Ақпараттық - әдістемелік жұмыс – ата - аналарға тәрбие мәселелері бойынша әдістемелік көмек беру, ақпарат құралдарында мектеп өмірі, отбасы тәрбиесі мәселелеріне байланысты мақалаларды жариялау, ата - аналар қауымына арналған ақпараттық және әдістемелік жаднамалар шығару:

- ата - аналарға арналған қабырға тақтасы;

- ата - аналар университеті;

- маман – дәрігерлермен, заңгерлермен кездесулер;

- балалардың сабақтарына;

- олимпиада, кештерге, апталықтарға қатысу

- ата - аналардың ашық есік күніне қатысу.

Тыңдалды: 2- ші сұрақ


Сөйледі: Тайганов Т.

Мектептің іс- шараларына кәсіпкерлерді тарту жұмыстарын жалғастыруымыз керек. Әрине, бір жағынан қиын. Бірақ түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келемін. 25 мамыр соңғы қоңырау мерекесіне 30000 (отыз мың) көлемінде көмек берді. Жиналған ақшаға шарлар, банер сатылып алынды.

Мектеп алдын гүлдендіру мақсатымен 300-400 гүл түбі берілді.

Шешім:

1. Мектептің кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қатысу;
2. Мектептің жөндеу жұмыстарына, ауланы көгалдандыруға қатысу;
3. Кітапхана қорын молайтуға, көрме ұйымдастыруға көмектесу;
4. Іс - шараларды ұйымдастыруға және оларды өткізуге материалдық көмек көрсету.

Төрайымы 

Хатшы 